



Қармақшы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 қазандағы № 205 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 қазанда № 6482 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қармақшы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1- қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қармақшы ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2- қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету тарифін бекіту туралы" Қармақшы ауданы мәслихатының 2014 жылғы 14 шілдедегі № 203 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4735 нөмірімен тіркелген, аудандық "Қармақшы таңы" газетінің 2014 жылғы 2 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қармақшы аудандық мәслихатының
кезектен тыс 26-сессиясының төрағасы*

Б.Нысанбаев

*Қармақшы аудандық мәслихатының
хатшысы*

М.Наятұлы

Қармақшы аудандық мәслихатының 2018
жылғы "23" қазандағы №205 шешіміне 1
қосымша

Қармақшы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 23.10.2019 № 266 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық нормасы, текше метр
---	--	----------------	--

1	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,589895
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,02159
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,347333
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,544241
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,564286
6	Емханалар	1 келіп кету	0,586607
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	2,314625
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,137416
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,242855
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,042988
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,016817
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,054838
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,008701
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 шаршы метр	0,173416
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 шаршы метр	0,238988
16	Базалар, сауда павильондары, дүңгіршіктер, сөрелер	сауда алаңы 1 шаршы метр	0,588237
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,198749
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,016411
19	Вокзалдар, автовокзалдар	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,117321
20	Дәріханалар	сауда алаңы 1 шаршы метр	0,033567
21	Автотұрақтар, автомобиль жуу орындары, автожанармай құю станциясы, гараждар	1 машина – орын	8,261384
22	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,129851
23	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	4,432143

24	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,007466
25	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,375279
26	Ұсақ жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,740107
27	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,104751
28	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар	1000 қатысушы	0,104286

Қармақшы аудандық мәслихатының
2018 жылғы "23" қазандағы №205
шешіміне 2 қосымша

Қармақшы ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер

№	Атаулары	Есептік бірлігі	Баға (теңге)
1	Тұрғын үйлерден қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер	айына 1 адамға	95,41
2	Шаруашылық субъектілер – абоненттер үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, әкету және көму	1 текше метр	1400,86